| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | болады?»;<br>-«Баланы шылым шегуден қалай қорғауға болады?»;<br>-«Жасөспірім жастар жайында ата-аналар не білу керек?». | | | | | |
| 13 | Ата-аналарға кеңес:<br>-«Баланы қалай тәрбиелеу керек?»<br>Ата-аналарға арналған ҰБТ-ға дайындық жөніндегі ұсыныстар беру:<br>-«ҰБТ қарсаңында ата-аналар балаларына қалай қолдау көрсетуі тиіс?»;<br>-«Ата-аналарға ҰБТ-ға дайындық жөніндегі ұсыныстар»;<br>-«Суицидке кімдер бейім?»;<br>-«Жақындап келіп қалған суицидті қалай аңғаруға болады?»;<br>-«Депрессия» | Жеке\топпен жұмыс | Ата-аналар | Қаңтар | | Кеңес жүргізу журналына тіркеу\ақпарат |
| 14 | 5-сынып оқушыларының ата-аналарына арналған :<br>-«Сіздің балаңыз 5-сынып оқушысы» бесінші сыныптардың кейбір қиындықтары;<br>-оқушының бейімделе алмауының белгілері;<br>-«Ата-аналарға арналған тәрбиенің алтын ережелері»;<br>-«Ата-аналарға арналған салыстыру сауалнамасы» | Жадынама | Ата-аналар | Ақпан | | Хаттама |
| 15 | Кеңес жүргізу:<br>«Баланың бастапқы  ұстазы ата-анасы» | Психолог кеңесі | Ата-аналар | Үнемі, қажеттілігіне | | Кеңес жүргізу журналына |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қарай | | тіркеу\ақпарат |
| 16 | «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында ата-аналардың жасөспірімдердің өтпелі кезеңіндегі қиындықтардың алдын алу жұмыстарымен таныстыру. | Топпен жұмыс | Ата-аналар | Қаңтар | | Хаттама |
| 17 | «Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы қиындықтарға көңіл бөлу» | Психологиялық кеңес | Ата-аналар | Ақпан | | |
| | **V. ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС** | | | | | |
| 1 | Білім беру саласындағы нормативтік құжаттармен танысу. | Жинақтау | Педагог-психолог | Жыл басы | | Жинақтау |
| 2 | Педагогика мен психологияның жетістіктерін, дүниетанымның, өзіндік жұмыстың , өзіндік білімнің іскерлігімен дағдысын қалыптастыратын, ақыл-ес және танымдық белсенділікті дамытатын тиімді әдістерді меңгеру | Өз білімін жетілдіру | Педагог-психолог | Үнемі | | Жинақтау |
| 3 | Педагогикалық және психологиялық оқытудың түрлі нысандары мен әдістерін және шығармашылық түрде меңгеру | | | | | |
| 4 | Үздік, жаңашыл тәжірибені және оның идеяларын шығармашылық пен пайдалану, инновацияларымен танысу | Шығармашылық жұмыс | Педагог-психолог | Қажетіне қарай | | Тарату |
| 5 | Сабақтарға өзара қатысу, білім алушыларға қатысты мәселелер бойынша топпен бақылау | Жеке\топпен жұмыс | Педагог-психолог | Үнемі | | Жинақтау |
| 6 | Оқыту сапасына , оқыту жетістіктерінің деңгейіне, оқушылардың тәрбиесіне талдау жасау, Консилиум құру. | Олқылықтарды жою | Педагог-психолог | Үнемі | | Жинақтау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | Әдістемелік өнімді әзірлеу, жариялау | Шығармашылық жұмыс | Педагог-психолог | Қажетіне қарай | | Тарату |
| 8 | Тақырыптық семинарлар,конференциялар және әдістемелік кеңестерді ұйымдастыру және қатысу | Шығармашылық жұмыс | Педагог-психолог | Қажетіне қарай | | Жинақтау |
| | VI. ЖЫЛ БОЙЫНША ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕПТЕР | | | | | |
| 1 | Психологиялық бағыттар бойынша атқарылған жұмыстарға:<br>-ата-аналармен;<br>-білім алушылармен;<br>-педагогтармен тоқсандық, жылдық талдау есептер | Талдамалық жұмыс | Педагог-психолог | Әр тоқсанда, оқу жылының аяқталуы | | Аналитикалық есеп |

**Мақсаты:** ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында Атырау облысы бойынша барлық өңірлерде «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жандандыру.

**Міндеттері:**

- жасұландықтардың қоғамдық белсенділіктерін дамыту;
- оқушылардың танымдық, қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру;
- оқушыларды қоғамдық пайдалы шараларға тарту;
- балаларды заманға сәйкес дамытып, оларды жаңа қатерлер мен зиянды әрекеттерден қорғау.

**«Жас Ұлан» ұйымы қызметінің бағыттары:**

1. Отан - елін, жерін құндылықтарын сүю, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру бағыты;
2. Зерде – интеллектуалдық даму, саналы түрде алдына нақты мақсат қою, оған жете білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу бағыты;
3. Руханият – оқушыларды жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, көркем-эстетикалық қасиеттерге тәрбиелеу, волонтерлік қызметті дамыту бағыты;
4. Салауат – салауатты өмір салтын ұстануға, спортпен шұғылдануға бағыт беру, денешынықтыру мәдениеті мен психикалық денсаулығын қалыптастыру бағыты;
5. Еңбек – мектеп қабырғасынан кәсіби мамандыққа бағдар беру, кәсіби үйірмелерде жұмысқа тарту, еңбекке деген құрметті сіңіру бағыты;
6. Экоәлем – қоршаған ортаны аялауға, жан-жануарларға қорған болуға, экологияны жақсартуға бағытталған жобалар жасауға баулитын бағыт;
7. Жеті жарғы – құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жас азаматтарға өздерінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге арналған бағыт.

*Ескерту:*

1. 2022 жылы мектептердегі «Жас Ұлан» ұйымының өкілдерімен ұйымдастырылған барлық шаралар «Балалар жылына» орайластырып өткізілуі тиіс.
2. Мектеп бастауыш ұйымдарында өткізілген шараларды FACEBOOK әлеуметтік желісінде **Атырау облысы Жас Ұлан ұйымы группасында** (https://www.facebook.com/groups/955754585194152/?ref=share_group_linkhttps://vk.com/atyrau.ulandary), INSTAGRAM желісінде @atyrau_zhasulan, https://vk.com/atyrau.ulandary, парақшаларын тегтеу арқылы жариялау. Мектеп ұйымдарының парақшаларында жариялау кезінде жоспарда көрсетілген хэштегтер қолданылуы тиіс.
3. Облыстық іс-шара өткізу алдында қосымша материалдар жіберілетін болады (тұжырымдама, өткізу ережесі, нұсқаулық және т.б.)
4. Оқу жылы ішінде жоспардан тыс жобалар бойынша іс-шаралар өтетіндігін ескеру қажет.

| № | Іс шара (формасы мен атауы бойынша) | Мазмұны | Өткізу мерзімдері мен орны | Ақпараттандырылуы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | **ҰЙЫМ ЕРЕЖЕСІ НЕГІЗІНДЕ ӨТКІЗІЛУІ МІНДЕТТІ ШАРАЛАР ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ** | | | |
| 1 | «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспарын құру | «Жас Ұлан» ұйымынң жеті бағытын ескере отыра алдағы оқу жылына арналған мектепішілік/аудандық/қалалық, облыстық жұмыс жоспарларын құру | Қыркүйек | |
| 2 | Мектеп Ұланбасын сайлау, «Жас Ұлан» мектеп комитетін қалыптастыру | Мектепте ұланбасы сайлауын ұйымдастыру және өткізу, «Жас Ұлан» мектеп комитетін қалыптастыру | қыркүйек | |
| 3 | Ұланбасы базасын құру | Республика бойынша Ұланбасы деректер базасын қалыптастыру. Толтыруға арналған нысан кейінірек жіберіледі | Қыркүйек - қазан | |
| 4 | Ұланбасы сайлауы | «Жас Ұлан» ұйымының облыстық Көшбасшылар кеңесін құру, облыстық Ұланбасы сайлауын ұйымдастыру және өткізу | 1-15 қазан | |
| 5 | «Жас Ұлан» ұйымының қатарына жаңа мүшелерді қабылдау (Жарғыға сәйкес) | «Жас Ұлан» ұйымының қатарына жаңа мүшелер – 1-11-сынып оқушыларын салтанатты түрде қабылдау | 16-30 қараша | |
| 6 | Ұйымға жаңа мүшелер қабылдау, олардың галстукпен, төсбелгімен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру | Жаңа мүшелер қабылдауға дайындық жұмыстарын жүргізу | 10-25 сәуір аралығы | |
| | **1. «ОТАН» БАҒЫТЫ** | | | |
| 1 | **«Өркендеу»** отбасы құндылықтарын насихаттау<br>Өнеге сағаты<br>1.«Атаммен бір күн» бейнеролик<br>1-4 сыныптар (кітап оқу, еңбекке баулу, серуендеу т.б) | Отбасы тәрбиесінің мән мағынасын ашып көрсете отырып, ұлттық салтты, дәстүрді түсініп, құрметтеуге баулу, алдағы өмірге даярлау | Қыркүйек айы | |
| 2 | «Киелі мекен» туған өлкенің киелі жерлеріне саяхат оффлайн немесе онлайн түрінде бейнеролик түсіріп , оқушыларға таныстыру; | «Киелі орындарға саяхат» түрлі киелі орындарына экскурсиялық саяхат жасау; | Қазан айы | |
| 3 | «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында барлық сыныптарға лездеме өткізу | Білім алушыларды өз отанын сүюге рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Туған жерін елін, халқын ардақтап өтуге үйрету; | Қазан айы | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | **«Жас Ұландар - елімнің мақтанышы»** Жас Ұлан ұйымының қатарына қабылдау | Ұйым қатарына жаңа мүшелерді салтанатты қабылдау | мамыр | |
| 5 | 1. **«Жанында жүр жақсы адам» бейнеролик** | Оқушыларға адамды жақсылыққа жетелейтін жақсы қасиеттермен өзара қарым-қатынастағы ықылас , жан жылуымен жақсылықты сезініп, бағалай алуға үйрету | Жыл бойы | |
| 6 | **«Ауғанның асуында от кешкендер»** салтанатты кеш:<br>1.Ән шашу Қазақ елі немесе хор | Ауған соғысы ардагерлерімен кездесулер, ұлттық құндылықтар мен қазақстандық патриотизмді насихаттайтын түрлі шаралар ұйымдастыру, 8-9 сыныптар | Ақпан | |
| 7 | **«Ел ертеңі - Жас Ұлан»** | оқушыларды ұйымы қатарына қабылдау | қараша-желтоқсан | |
| | | **2. «ЗЕРДЕ» БАҒЫТЫ** | | |
| 1 | **«Зерттеу –айналаңды зерделеуден басталады»** 1-4 сынып оқушылары үшін зерттеу жұмыстарын дағдыландыру шаралары, «Сен білесің бе?» ғылымдағы жаңалықтар 5-6 сынып оқушылары үшін, 7-9 сынып оқушылары үшін | Жас жеткіншектердің ғылымға қызығушылығын арттыру, әлемдегі және Қазақстандағы соңғы ғылыми жаңалықтармен таныстыру | Жыл бойы | Шара жоспары, шығармашылық есеп жариялау |
| 2 | **«Бес минуттық оқу»** бастауыш сынып оқушылары арасында үзіліс уақытын тиімді пайдалан | Үзіліс уақытында бастауыш сынып оқушыларының оқуға құштарлығын арттыру мақсатында жоғары сыныптан тағайындалған тәлімгерлер | Айына бір рет | |
| 3 | **«Жайдарлы Жас Ұлан»** Мектепішілік КТА Жайдарман ойындарын ұйымдастыру | Оқушыларды сахнаға шығу арқылы сахна мәдениетін сақтауға, өзін-өзі ұстауға, сөйлеу мәдениетіне үйрету.<br>7-9 сынып | Қараша айы | |
| 4 | **« Оқуға құштар сынып»** конкурсын өткізу<br>1. Суретті жұмбақтар<br>2. Жалғастыр | Оқушыларды бірлесіп жұмыс жасауға дағдыландыру<br>2-4 сынып | Қараша айы | |
| 5 | **«Жас ғалым»** клубын құру<br>1-топ 3-4 сынып<br>2-топ 5-6 сынып | Оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын ояту | Жыл бойы | |
| 6 | **«Ұялы телефонның денсаулыққа кері әсері»** үнпарақтар дайындау<br>5 – 8 сынып | Ұялы телефонды пайдалану туралы ой – пікірлерді білу, ұялы телефонның денсаулыққа әсерін түсіндіру. | Ақпан айы | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | « Алтын сақа» интеллектуалды ойынын өткізу<br>1.Таныстыру<br>2.Жалғасын тап<br>3.Кім шапшаң?<br>4.Берілген сөзден сөз құрау<br>5.Сиқырлы ұяшықтар | Оқушыларды бірлесіп жұмыс жасауға дағдыландыру, білімдерін жетілдіру<br>5-6 сынып | Наурыз айы | |
| | **3. «РУХАНИЯТ» БАҒЫТЫ** | | | |
| 1 | **«Мәңгілік Ел»** идеясын түсіндіру мақсатында іс – шаралар жүргізу үшін жасұландықтардың арасынан еріктілер топтарын құрып, жалғызбасты қарияларға қолдау көрсету шараларын ұйымдастыру | «Мәңгілік Ел» идеясын түсіндіру, балалардың бір – бірімен шекарасыз достық қарым – қатынасын нығайту<br>6-8 сынып<br>9-10 сынып | тоқсанына бір рет | Фото, бейнематериалдар, қысқаша мәліметтерін **желіге жариялау** |
| 2 | 1. «Аяулы ұстазыма» аралығында ашық хат –құттықтаулар байқауы; | ұстаздарды құрметтеуге үйрету | Қазан айының алғашқы аптасы, | |
| 3 | **«Мәңгілік ел ұландары»** жұлдыздар шеруі<br>Ұйымның 7 бағыты бойынша үздіктер және<br>«Жыл оқырманы»<br>«Үздік волонтер» байқау өткізу және марапаттау, 1-11 сыныптар | Мектеп өмірінде белсенді қызмет атқарған, идея ұсынып оны жүзеге асыру деңгейі бойынша сараланады. Үздіктерді аудандық, облыстық, республикалық шараларға, марапаттарға ұсыну | Мамыр | **#rukhaniyat#zhasula natyrau#руханият** #жасұланатырауjыл жүлдесі23 **хэштегтерімен** жариялау |
| | **4. «САЛАУАТ» БАҒЫТЫ** | | | |
| 1 | ***«Бес тас party» «Асық ату party»*** *ұлттық ойындар* | Ұлттық құндылықтарды насихаттау, жаңғырту | Наурыз мерекесі | |
| 2 | **Көңілді сейсенбі»** Жас Қырандар | Жас Ұландардан тәлімгерлік құру және оны бастауыш сыныпқа бекіту арқылы көңілді ойындар өткізу. 7-11сынып | Әр апта сайын | |
| 3 | **«Салауаттылық өмір салты»**<br>1-11сыныптар | Дөңгелек үстел Мектеп медбикесімен кездесу. Тазалық жөнінде зиянды әдеттерден аулақ болу түсінік жұмыстар жүргізу. | қараша | |
| 4 | **«Офлайн өмір»** спорттық сайыстар<br>9-11 сыныптар | Спорттық экскурциясын ұйымдастыру. Оқушыларды сайыса отырып еңбекке дайындау. Яғни оқушыларға шатыр құрып үйрену, аспалы жіптерден өткізіп т.б сайыс түрлерін ұйымдастыру. | Мамыр | |

**БЕКІТЕМІН**
*Есбол орта мектебі директордың*
*уақытша міндетін атқарушы*
*____________________Э.Саликова*
*"____" ____________2022 жыл*

***Әлеуметтік педагогтің жұмысының мақсаты:*** мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, көпбалалы отбасы балаларын, жартылай жетім және оралман оқушылармен әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқықбұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагог жылдық жұмыс жасай отырып, медбикемен, сынып жетекшілермен, педагог-психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасармен, КТБІЖ қызметкерлерімен, «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысымен жылдық жоспар жасайды.

***Әлеуметтік педагогтың міндеттері:***

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді кажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
- мемелекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемелекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

| № | Іс – шаралар | Орындалу мерзімідері | Жауаптылар | Есеп беру нысандары |
|---|---|---|---|---|
| | **I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу** | | | |
| 1 | Ұйымдастырушылық іс-шаралар.<br>- Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру.<br>- Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау. | тамыз | әлеуметтік педагог | жоспар |
| 2 | - «Мектепке жол» акциясы аясында мектепішілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, мектепке әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықтау.<br>- Әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу. | тамыз | әлеуметтік педагог | акция аясында |
| 3 | - «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасынан шыққан балаларды «Міндетті білім қорынан» көрсетілетін қаржылай және материалдық көмекке ұсыну.<br>- Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру. | тамыз | әлеуметтік педагог<br>ДТЖЖО | пед кеңес анықтама |
| 4 | -Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектептің әлеуметтік паспортын жасау.<br>- Ерекше білімді қажет ететіноқушылар<br>- Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар<br>- Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар<br>- Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар<br>- Жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар<br>- Ажырасқан отбасынан шыққан оқушылар<br>- Ерекше назарды қажет ететін отбасынан шыққан оқушылар<br>- Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар<br>- Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын)<br>-Жақын және алыс шет ел азаматтығы бар оқушылар<br>- Қандай отбасыдан шыққан оқушылар | тамыз | әлеуметтік педагог<br>сынып жетекшілер | |
| 5 | Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту | тамыз | әлеуметтік педагог | пед кеңес анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жұмыстарын ұйымдастыру.<br>Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл қоғамдық тамақпен қамту бойынша жұмыстар жүргізу. | | ДТЖЖО | |
| **6** | Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау. | тамыз | әлеуметтік педагог сынып жетекші<br>кітапханашы | пед кеңес анықтама |
| **7** | Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты :<br>Толық отбасылар<br>Толық емес отбасы<br>Анасы жоқ отбасылар<br>Әкесі жоқ отбасылар<br>Ата-анасының бірі бар ажырасқан отбасы<br>Көп балалы отбасы<br>Аз қамтамасыз етілген оқушылар отбасы<br>Қорғаншылық (қамқоршылықтағы) балалар<br>Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі үйде оқытылатын оқушылар;<br>Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар<br>Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар<br>Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар<br>Өгей ата-анамен тұратын<br>Әр бала өз отбасымен жақын туыстарының үйінде тәрбиеленетін<br>Тасымалданатын оқушылар<br>Жалдамалы пәтерде тұратын отбасылар<br>Ата-аналарының білім:<br>Жоғары, жоғары білімнен кейінгі<br>Техникалық және кәсіптік<br>Орта | қыркүйек | әлеуметтік педагог | мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеу |
| | **II. Бала құқығын қорғау жұмысы** | | | |
| **8** | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылармен және қорғаншылармен ҚББ байланыса отырып жұмыс жүргізу. | жыл бой | әлеуметтік педагог | анықтама |
| **9** | Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстарын жүргізу | тоқсан сайын | әлеуметтік педагог сынып жетекшілер психолог | анықтама |
| **10** | Волонтерлік, қайырымдылық акциясын ұйымдастыру | қазан | әлеуметтік педагог ДТЖЖО | Хабарлама беру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **11** | «Отбасылық қарым қатынас» тақырыбында орта буын сыныптарында эссе жазу. | желтоқсан | әлеуметтік педагог сынып жетекшілер | анықтама |
| **12** | «Мен және менің дінге көзқарасым» 7-11 сыныптар сауалнама | ақпан | әлеуметтік педагог ДТЖЖО психолог | анықтама |
| **13** | Сынып жетекшілермен бірлесе әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға «Қайырымдылық» акциялар ұйымдастыру, бірлескен іс-шаралар жүргізу | Қаңтар, ақпан айлары | Әлеуметтік педагог | Көмек көрсету |
| **14** | Жаңа жылдық шыршаға әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды қатыстыру, сыйлықпен қамтамасыз ету | Желтоқан айы | Әлеуметтік педагог | Мәлімет |
| | **III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс** | | | |
| **15** | Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін (жаңадан анықталып, проблемалық жағдайға тап болған) отбасынан шыққан оқушылармен кешенді жұмыстар жүргізу | қыркүйек | ДТЖЖО<br>сынып жетекші<br>әлеуметтік педагог<br>педагог психолог | анықтама |
| **16** | Мектепішілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстармен жұмыс. Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу. | жыл бойы | ДТЖЖО<br>әлеуметтік педагог<br>педагог психолог | тізім |
| **17** | Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепішілік және қала сыртындағы лагерьде демалуын қамтасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру | мамыр | әлеуметтік педагог | оқушы құжаттарын жинау |
| | **IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы** | | | |
| **18** | Жетім және қамқорлықтағы оқушылардың, үйде оқытылатын оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу | үнемі | әлеуметтік педагог<br>педагого психолог<br>сынып жетекші<br>педагог ұйымдастырушы | болған жағдайда |
| **19** | Сабақтан себепсіз қалып кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқышылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу. | үнемі | | |
| **20** | Ата- апасымен тұратын оқушылардың отбасылық , әлеуметтік жағдайын бақылау | үнемі | | |
| **21** | Медициналық сала өкілдерімен кездесулер өткізу | жоспарға сай | | |
| | **V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс** | | | |
| **22** | Ата-аналар жиналыстарына қатысу; | І.ІІ.ІІІ.ІУ тоқсан | әлеуметтік педагог | хаттама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау. | | ДТЖЖО | |
| 23 | Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білім алуын қадағалау. | үнемі | әлеуметік педагог | кеңес беру анасымен сұхбаттасу |
| 24 | Аудандық әкімшілік, және қалалық жұмыспен қамту орталығымен байланыста болып, АӘК алушы отбасылардың тізімін тоқсан сайын алып отыру, оқушыларды анықтау, | I.II.III.IУ тоқсан | әлеуметтік педагог | |
| 25 | «Отбасы жарастығы» дөңгелек үстел ата-аналармен | наурыз | әлеуметтік педагог,психолог ДТЖЖО сынып жетекші | хаттама |
| 26 | Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау | Үнемі | әлеуметтік педагог, сынып жетекші | |
| | **VI. Диагностикалау-талдау қызметі** | | | |
| 27 | Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында «Отбасымдағы өз ойым, өз орным» сауалнамасын алып, диагностика жүргізу. 7-11 сыныптар аралығы. | мамыр | әлеуметтік педагог | анықтама |
| 28 | Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі | мамыр | әлеуметтік педагог | SVOT талдау |
| 29 | Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру | мамыр | әлеуметтік педагог | Жоспар әзірлеу |

**Әлеуметтік педагогтың ата-анамен жүргізілетін жұмыстары** Әлеуметтік педагогтың қызметі балалардың дамуы мен оны қорғауды қамтамасыз ету заңына негізделген. Әлеуметтік педагог сонымен қатар өз қызметінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын, басқа да нормативтік актілермен құжаттарды, басшылыққа алады. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани-адамгершілік қарым-қатынастарға ықпал етеді.

***Әлеуметтік – педагогикалық қызметтің құрылы***

Бұлардың бірлескен қызметі төмендегідей:

- Отбасына әлеуметтік –психологиялық көмек көрсету;
- Отбасы мен балаларға дәрігерлік, психологиялық, педагогикалық кеңес беру;
- Балаларды күйзелтетін даулы мәселелерді шешуге көмектеседі;
- Мінезінде ауытқушылығы бар адамдарға психологиялық және диагностикалық коррекция жасау;
- Профилактикалық шаралар ұйымдастыру

**<u>Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары:</u>**

Әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жұмысы, отбасы – жасөспірімдерді әлеуметтендірудегі өте маңызды институт. Бұл баланың дамуы мен жеке өмір сүру ортасы. Ол мынадай өлшемдермен анықталады: әлеуметтік –мәдени, әлеуметтік –экономикалық. Осыған орай

әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жүргізілетін жұмысы аса маңызды болып саналады. Ол отбасындағы жағдайлар туралы толық мәлімет ала отырып, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналармен ынтымақтаса, оларға кәсіби педагогикалық көмек көрсетеді. Педагог пен ата-ананың үнемі ынтымақтаса отырып, әр кезеңде атқаратын міндетінің бірі қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік педагог отбасы тәрбиесінің үлгісі, ондағы тәжірибесіне сүйенеді; оны жан-жақты зерттеп, жинақтап таратады; оңды ой-пікірлерді күшейтеді, Сондықтан:

- мұғалімдер мен ата-аналардың өзара сенімділік қарым-қатынастары оңды бағытталған, бірігіп ықпал етудің шешуші және алғашқы шарты болып табылады. Ата-аналардың тәрбиеге көзқарасын жандандырып, табысқа жетуге қажеттілік және өз күшіне сенімділік тудыру үшін дұрыс байланыс орнатудың маңызы зор.
- Әлеуметтік педагогтың неғұрлым маңызды міндетінің бірі ата-аналарды педагогикалық білім дағдыға, оның теориялық және практикалық ықылымдарын меңгеруіне, әсіресе тәрбиені ұйымдастыру шеберлігіне жетілдіру болып табылады. Жұмыла педагогикалық әрекет етудің мұндай нәтижесі ата-аналардың өз баласына ғана емес, сонымен қатар біртұтас сынып оқушыларын тәрбиелеу белсенділігіне әкеледі. Әлеуметтік педагог пен ата-ана әріптестер ретінде бірін-бірі толықтырады.

Әлеуметтік педагогтың отбасымен бірлесе әрекет етуін ұйымдастыруы мына мүмкіндіктерді тудырады:

- Өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуде этнопедагогикалық потенциалын анықтау мақсатында отбасы мен туысқандарын зерттеу;
- Өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуге қажетті ата-аналардың адамгершілік, әлеуеттік мүмкіндіктері принципіне қарай отбасыларын топтарға бөлу;
- Халықтық педагогика дәстүрлері негізінде әлеуметтік педагог пен ата-аналардың бірлесе әрекет ету бағдарламасын жасау;
- Өзара тәрбие қызметіндегі ағымдағы және ақырғы нәтижелерді зерттеу;

Отбасыларды 5 топқа бөлуге болады:

1. Жоғары адамгершілік этномәдени қарым-қатынастағы отбасылар. Салауатты өмір салты, моральдық, атмосфера қалыптасқан, балалар өз қабілеттерін дамытуға толық мүмкіндік алатын отбасылар
2. Ата-аналардың қалыптасқан ережеге сәйкес қарым-қатынаста болуымен сипатталатын отбасылар. Бірақ олар тәрбиенің оңды бағытын қамтамасыз ете алмағандықтан педагогтың көңіл аударуына мәжбүр.
3. Дау жанжалмен өз қарым-қатынастарын реттей алмайтын, балаларына көңіл аудармайтын отбасылар. Мұндай отбасының дау-жанжалы көп уақытқа созылып, баланың азғындығына, мінез ауытқушылығына апарып, отбасын тастап шығуға мәжбүр етеді. Оқу үлгерімі нашар болып, сабақтан қашады.
4. Сырттай сау көрінетін отбасы. Бірақ іштей рухани азғындық жайлаған шынайы адамгершілік құндылықтары жоқ, ұрпақтың сезімталдық қасиеті бұзылған. Бұл отбасыларынан шыққан кейбір жасөспірімдер өз отбасының сыртқы « бейнесін» жақсы көрсете білетіндіктен, мұндай балалармен тәрбие жұмысын жүргізу аса қиындыққа түседі.
5. Қалыптаспаған (жағдайы нашар) отбасылар, дау-жанжалды, беймиоральді мінез-құлықта, сотқарлық, қатыгездік орын алған. Баланы қорғау үшін әлеуметтік педагогтың мұндай отбасына үнемі көңіл аударып отыруы, қоғамдық ықпал көрсетуді немесе белсенді араласуы қажет.

Әлеуметтік педагог ретінде жыл бойы ата-аналармен мынадай шаралар ұйымдастыру ұсынылады.Мектептің жалпы ата-аналар конференциясында «Тұлға қалыптастырудағы құқықтық тәрбиеге байланысты отбасының ролі мен қызметі» тақырыбынада шаралар өткізу (форматына шектеу қойылмайды)

Кіріктірілген, яғни мектептегі шараларларға өз тарапынан өзге мамандармен атқарылатын шараларда, республикалық «Сенің құқығың – менің құқығым» атты онкүндікте ата-аналар арасында құқықтық ағарту және ақпараттандыру іс-шаралары, соның ішінде конвенцияның қағидаларын, еліміздегі балалар жағдайын жақсарту үшін жасалып жатырған іс-шаралар жөнінде түсініктерін молайту

мақсатында «Сенің құқықтарың мен міндеттерің», «Отбасы қарым-қатынастар үндестігін қалай құруға болады? атты сұхбат сағаты жоғары сынып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен;

«Үйдегі бақытқа бөленген бала – бақытты бала» атты дөңгелек үстел бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарымен;

Еліміздің тәуелсіздік мерекесінің тойлануына орай «Тәуелсіздік – ел дәулеті» атты ауылдағы мекемелер арасында кездесу сағатын өткізу;

Онда әр мекемеден қатысушы топтар салт-дәстүрден көрініс, тәуелсіздікті бейнелейтін композиция құру, сұрақ-жауап тапсырмаларын орындау жұмыстарын ұйымдастыру;

Әр сыныптың оқу жылы басында сайланған ата-аналар комитеті мүшелерімен де жұмыстар жүргізу;

Олармен бірге «Өрлей бер өркениетке, өсер елім!» атты кездесу сағатының мақсаты ата-аналардың мектеппен байланысын жақсарту, ата-аналар комитетінің жұмыс жүйесін жетілдіру, әрбір шара барысында ата-аналарға балаға тәрбие берудегі жауапкершіліктерін жетілдіру мақсатында көмек ұйымдастыру, яғни түрлі тапсырмалар беру;

Сәуір айында мектепте «Отбасы мен мектеп бірлігі, болашақ ұрпақ тірлігі» тақырыбында ата-аналар апталығы жоспарға сай өткізу;

Апталық барысында ата-аналарға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР. кодексі таныстырылып, ата-аналардың қатысуымен «Ата-ана бақыты –бала», «Үнемдей білу – қажеттілік», «Еңбек –ер атандырады», «Ынтымақты сынып» атты тәрбиелік шаралар, сайыстар өткізу;

Сонымен қатар, қорғаншылыққа, қамқоршылыққа алынған балалардың ата-аналарына азқамтылған, көпбалалы жанұя статусына жатқызылған ата-аналарға түрлі профилактикалық, ағарту жұмыстарын өткізу;

Ондай ата-аналарды ауыл әкімшілігімен анықтап, бекітіп, ондай отбасыларды әлеуметтік қорғау құқықтарымен таныстыру;

Ата-анамен жұмыс және одан күтілетін нәтиже:

1. Ата-ананың бала тәрбиесінде жауапкершілігін арттыру;
2. Ата-ана бала құқығын, өз құқықтарын қорғауды пайдалануда кәсіби сауаттануы;
3. Ата-ананың психологиялық, педагогикалық тұрғыдан сауаттылық деңгейінің жоғарылауы;
4. Ата-ананың мектеппен , сыныппен қарым-қатынасының жақсаруы;

Баланың зиянды әдеттерден аулақ болуына жауапкершілігі жоғарылауы, яғни ата-ана баласына салауатты өмір салтын үнемі насихаттауы.

**Әлеуметтік осал топ санатттары:**

- ✓ жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар);
- ✓ Ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар);
- ✓ Жартылай жетім бала- ата-анасының бірі қайтыс болған бала;
- ✓ көпбалалы отбасы – құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны

бойынша білім алатын балалары бар отбасы;патронат – жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиеге алуға тілек білдірген адам жасайтын шарт бойынша отбасыларға патронаттық тәрбиеге берілетін тәрбие нысаны;

- Аз қамтылған

Асп алатын отбасы балалары    Күн –көріс деңгейі төмен отбасы балалары

- Толық емес отбасы (ажырасқан, не әкесі, не анасы тәрбиелеп отырса, күйеуі немесе әйелі қайтыс болып баланы бір ғана адам тәрбиелеп отырса, заңды некеде тұрмай, бала босанған болса, егер тек некені мешітте ғана қиып, некесі АХАЖ бөліміне тіркелмеген болса, бала туылған жағдайда ол да толық емес отбасы болып саналады. Ал, азаматтық неке туралы заң елімізде мүлде карастырылмаған. Мұндай некеде тұрып бала босанса да, ол да толық емес отбасы болып есептеледі)
- Мүгедек бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;
- Даму мүмкіндігі шектеулі бала- денсаулығында белгілі-бір аурулығы дәрігерлік қорытындымен расталған, дамуында шектеулері бар бала
- Тұрмысы жайсыз отбасы - кәмелетке толмағандардың ата-анасы немесе заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың тәртібіне теріс әсер ететін отбасы.

**Есбол орта мектебі**
**Мектептің әлеуметтік паспорты**

| № | Әлеуметтік санаттар | саны | % |
|---|---|---|---|
| | Барлық оқушылар | 136 | |
| | Отбасы саны бойынша: | 70 | |
| | Барлық ата-ана саны | 131 | |
| 1. | Толық отбасылар | 61 | |
| 2. | Толық емес отбасылар | 9 | |
| 3. | Анасы жоқ балалар | 0 | |
| 4. | Әкесі жоқ балалар | 5 | |
| 5. | Көп балалы отбасы | 28 | |
| | Көп балалы отбасы балалары | 69 | |
| 6. | Аз қамтамасыз етілген отбасы (АСП) | 3 | |
| | Аз қамтамасыз етілген отбасы балалары (АСП) | 8 | |
| | Күнкөріс деңгейі төмен отбасы | 6 | |
| | Күнкөріс деңгейі төмен отбасы балалары | 14 | |
| 7. | Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар | 0 | |
| 8. | Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар | 2 | |
| 9. | Азаматтығы жоқ білім алушылар | 0 | |
| 10. | Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар | 0 | |
| 11. | Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар | 0 | |
| 12. | Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар | 0 | |
| | Ата-аналарының білімі: | | |
| 1. | Жоғары, жоғары білімнен кейінгі | 38 | |
| 2. | Арнаулы орта | 38 | |
| 3. | Орта | 55 | |

Әлеуметтік педагог: А.Төреғалиева

**Бекітемін**
Есбол орта мектебінің
Директорының у.м.а**Э.Саликова**
«_1_»___09_______ 2022 жыл

# Есбол орта мектебі кітапханасының 2022-2023 жылғы жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары:

*Кітапхана* – халықтар өміріндегі үлгі өнегесі топтастырылған тәрбие орны, адамзаттың ең қастерлі қазыналарын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыратын білім ордасы. Қоғамның дамуы, адамзаттың өсіп өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Жақсы кітап - жан азығы» деп халық тегін айтпаса керек. Ал, кітапхана ақыл – ойдың, парасаттың қақпасы ретіндегі киелі шаңырақ. Сол себепті адам мен кітапхана арасында байланыс орнауы тиіс. Сонда ғана біздің еліміздің мәдениеті мен әдебиеті алға ілгерілейді.

- *Халық арасында Егеменді Қазақстанның тарихын, өнерін дәріптеуде елімізде, облысымызда, ауданымызда аталып өтетін атаулы мереке күндерін жоспарлы түрде өткізу;*
- *Қазақстан-2050 стратегиясының бағытындағы тапсырмаларын насихаттау;*
- *Қазақ-ақын жазушыларның шығармаларын оқырмандарға насихаттау арқылы көркем әдебиетке деген ынтасын арттыру;*
- *Қазақтың салт-дәстүрін, тілін, дінін халық арасында насихаттап және кітапхана жұмысының барлық түрлерін пайдалана отырып, түрлі сапалы іс-шаралар ұйымдастыру;*
- *Әдебиеттер мен баспасөз материалдарын қолдана отырып, түрлі көпшілік іс-шараларды өткізу;*
- *Кітапхана қорындағы әдебиеттерді ғылым салалары бойынша насихаттау арқылы оқырмандарға әртүрлі формадағы мәдени шараларды елді мекендер көлеміндегі мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, төмендегі шараларды ұйымдастыруға атсалысу.*

## *I.Әлеуметтік-экономикалық және саяси әдебиеттерді насихаттау.*

| Р/с | Шараның атауы | Жұмыстың түрі | Өтетін мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1. | **«Жолдау – болашаққа сенімділік»** | Ақпараттық сағат | Жыл ішінде | Кітапхана |
| 2. | **«Рухани жаңғыру – ұлт жаңғыруы»** | Кітап көрмесі | Жыл ішінде | Кітапхана |
| 3. | Ел бастаған батыр, өр рухты ақын Махамбет Өтемісұлының (1803-1846жж.) туғанына 220 жыл толуына орай **«Ереуіл атқа ер салмай...»** | Кітап көрмесі, Махамбет оқулары | 16 қаңтар | Кітапхана |
| 4. | Жазушы Қасым Қайсеновтың (1918–2006 жж.)туғанына 105 жыл толуына **«Қаламынан қан тамған қаламгер»** | Библиографиялық шолу | 22 ақпан | Кітапхана |
| 5. | Аса дарынды ақын, өз кезеңінің күрделі тұлғаларының бірі,мерейгер ақын, төкпе жырау Мұрат Мөңкеұлының (1843-1906жж.) туғанына 180 жыл толуына орай **«Қазақ тарихының жалынды жыршысы»** | Естелік жасақтау | 4 наурыз | Кітапхана |
| 6. | Халық батыры, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушысы Аманкелді Имановтың (1873-1919жж.)туғанына 150 жыл толуына орай **«Тарих бетіндегі халық батыры»** | Библиографиялық көрсеткіш | 3 сәуір | Кітапхана |
| 7. | 12 сәуір – Дүниежүзілік ғарышкерлік авиация күніне орай **«Есімі елдің есінде»** | Не?Қайда?Қашан? | 11 сәуір | Кітапхана |
| 8. | Алаш қозғалысының қайраткері,дәрігер, публицист, ұлттық ғылым академиясын құрушылардың бірі Халел Досмұхамедұлының (1883-1939жж.) туғанына 140 жыл толуына орай **«Алаш азаттығын аңсаған тұлға»** | Танымдық сағат, кітап көрмесі | 21 сәуір | Кітапхана |
| 9. | 1 мамыр – ҚР-ның Халықаралық Бірлігі күніне орай **«Ел бірлігі – ең асыл қасиет»** | Тақырыптық кеш | 28 мамыр | Кітапхана |
| 10. | 9 мамыр – Жеңіс күніне орай **«Ерлік елге –мұра, ұрпаққа ұран»** | Кітап көрмесі | 8 мамыр | Кітапхана |
| 11. | 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай**«Ұлт тарихындағы зұлмат жылдар қасіреті»** | Тарихи сағат | 29 мамыр | Кітапхана |
| 12. | 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай **«Өлкенің гүл жайнаған балғындары»** | Ертеңгілік | 1 маусым | Кітапхана |
| 13. | 4 маусым – ҚР-ның Мемлекеттік Рәміздері күніне орай «**Мемлекеттік рәміздер – елдігімнің тірегі»** | Зияткерлік ойын | 4 маусым | Кітапхана |
| 14. | 6 шілде – Астана күніне орай **«Асқақта, айбынды елдің Астанасы»** | Кітап көрмесі | 5 шілде | Кітапхана |
| 15. | 30 тамыз – ҚР-ның Конституциясы күніне орай **«Ата заң – ұлттық тұғырым»** | Кітап көрмесі | 28 тамыз | Кітапхана |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **16.** | 25 қазан – Қазақстан Республикасы күніне орай **«Қыран елім - Қазақстаным»** | Патриоттық сайыс | 24 қазан | Кітапхана |
| **17.** | 15 қараша-Ұлттық валюта-теңге күніне орай **«Теңге – тәуелсіздік нышаны»** | Ақпараттық сағат | 15 қараша | Кітапхана |
| **18.** | 16 желтоқсан – ҚР-ның Тәуелсіздік күніне орай **«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым»** | Танымдық сағат | 14 желтоқсан | Кітапхана |
| **19.** | **«Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік»** | Кітап көрмесі | 15 желтоқсан | Кітапхана |

## ***II.Экологиялық тәрбие, салауаттылық, дін туралы әдебиеттерді насихаттау.***

| **Р\с** | **Өткізілетін шаралар** | **Жұмыс түрі** | **Өткізілетін мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|---|
| **1.** | **«Дін тәрбиенің рухани тірегі»** | Кітап көрмесі | 13 ақпан | Кітапхана |
| **2.** | 7 сәуір – Денсаулық күніне орай **«Салауатты өмір – денсаулық кепілі»** | Кездесу кеші | 7 сәуір | Кітапхана |
| **3.** | **«Қазақ спорт жұлдыздары»** | Ауызша журнал | 18 сәуір | Кітапхана |
| **4.** | **«Табиғаттың тазалығы – адамзаттың жан азығы»** | Сенбілік акциясы | 19 мамыр | Кітапхана |
| **5.** | 5 маусым - Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай **«Біз табиғаттың қорғаушысымыз!»** | Экологиялық ақпарат кеші | 4 маусым | Кітапхана |
| **6.** | **«Имандылық – рухани қазығымыз»** | Тақырыптық картотека | 5 маусым | Кітапхана |
| **7.** | 26 маусым Нашақорлық пен наша бизнесіне қарсы халықаралық күрес күніне арналған **«Нашақорлық – ғасыр дерті»** | Дөңгелек үстел | 23 маусым | Кітапхана |
| **8.** | **«Семей полигоны – тарихтың қасіреті»** | Ақпараттық сағат, кітап көрмесі | 25 тамыз | Кітапхана |

## ***III.Отбасы тәрбиесі және салт-дәстүрді насихаттау.***

| **Р/с** | **Өткізілетін шаралар** | **Жұмыс түрі** | **Өткізілетін мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|---|
| **1.** | 1 наурыз - Алғыс айту күніне орай **«Алғыс - сөздің асылы»** | Тақырыптық кеш | 1 наурыз | Кітапхана |
| **2.** | 8 наурыз- Халықаралық Әйелдер мерекесі күніне арналған **«Қыз әдебімен көрікті»** | Қыздар сайысы | 6 наурыз | Кітапхана |
| **3.** | 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне арналған **«Нұр себеле, Ұлыстың Ұлы күні!»** | Дәстүрлі көрме | 20 наурыз | Кітапхана |
| **4.** | 15 мамыр- Халықаралық отбасы күніне орай**«Отбасым – бақыт мекенім»** | Отбасылық кездесу кеші | 12 мамыр | Кітапхана |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5. | **«Ұлттық ойын- халық мұрасы»** | Танымдық сағат | 14 маусым | Кітапхана |
| 6. | Ұлттық домбыра күніне орай **«Қазағымның қазынасы-домбыра»** | Ақпараттық сағат | 1 шілде | Кітапхана |
| 7. | **«Қазақтың салт-дәстүрлері –ұлттық құндылық»** | Тақырыптық көрме Қолөнер байқауы | 20 шілде | Кітапхана |
| 8. | **«Мерейлі отбасы»** | Отбасылық оқу | 15 қыркүйек | Кітапхана |
| 9. | 1 қазан – Халықаралық Қарттар мерекесі күніне орай **«Қарты бар үй - қазыналы»** | Қарттармен кездесу кеші | 2 қазан | Кітапхана |
| 10. | Ұстаздар мерекесі күніне арналған**«Ұстаз – ұлы тұлға»** | Ардагер ұстаздармен кездесу | 5 қазан | Кітапхана |

## ***IV.Кәсіптік бағдар, еңбекке баулу.***

| **Р\с** | **Өткізілетін шаралар** | **Жұмыс түрі** | **Өткізілетін мерзімі** | **Жауапты адамдар** |
|---|---|---|---|---|
| 1. | **«Әлемнің әміршісі еңбек»** | Танымдық сағат | 28 ақпан | Кітапхана |
| 2. | **«Мамандық таңдау- келешек бастауы»** | Дөңгелек үстел | 22 қыркүйек | Кітапхана |
| 3. | **«Менің мамандығым-менің болашағым »** | Ақпараттық сағат | 23 желтоқсан | Кітапхана |

## ***V. Тіл мәдениетінің дамуы.***

| **Р\с** | **Өткізілетін шаралар** | **Жұмыс түрі** | **Өткізілеті н мерзімі** | **Жауапты адамдар** |
|---|---|---|---|---|
| 1. | **«Тіл мерейі – елдің мерейі»** | Тұрақты кітап көрмесі | 6 қаңтар | Кітапхана |
| 2. | **«Сөз мерген»** | Сайыс | 17 ақпан | Кітапхана |
| 3. | **«Тіл – татулық тірегі»** | Эссе жазу байқауы | 3 сәуір | Кітапхана |
| 4. | **«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!»** тіл мамандарымен | Танымдық сағат | 22 мамыр | Кітапхана |
| 5. | **«1001- мақал, 101 - жұмбақ»** | Оқырмандар сайысы | 21 маусым | Кітапхана |
| 6. | 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай **«Тіл – дәуірлік мұра»** | Кітап көрмесі | 5 қыркүйек | Кітапхана |
| 7. | **«Ұлт бірлігі – мемлекеттік тілде»** | Пікірталас | 5 қыркүйек | Кітапхана |
| 8. | **«Ана тілім-дана тілім»** | Тақырыптық картотека | 25 қараша | Кітапхана |

## ***VI.Өнер және спорт саласындағы әдебиеттерді насихаттау.***

| **Р\с** | **Өткізілетін шаралар** | **Жұмыс түрі** | **Өткізілеті н мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Қазақстанның халық әртісі, композитор Мұқан Төлебаевтың туғанына 110 жыл толуына орай **«Мұқан – музыка** | Естелік жасақтау | 24 ақпан | Кітапхана |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **бәйтерегі»** | | | |
| **2.** | Әнші композитор, қазақ ақыны Ақан серінің (Ақжігіт Қорамсаұлының) туғанына 180 жыл толуына орай **«Алты Алаштың серісі»** | Виртуалды кітап көрмесі | 12 маусым | Кітапхана |
| **3.** | Әнші, Қазақстанның халық артисі, актер Нұрмахан Жантөриннің туғанына 90 жыл толуына орай **«Театр өнерінің майталманы»** | Виртуалды кітап көрмесі | 26 шілде | Кітапхана |
| **4.** | Күйші, сазгер, асқан дүлдүл домбырашы, қазақтың аспаптық музыкасының классигі Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына 200 жыл толуына орай **«Күй атасы - Құрманғазы»** | Кітап көрмесі | 21 караша | Кітапхана |

## ***VII.Қазақ жазушыларының шығармаларын насихаттау.***

| **Р\с** | **Өткізілетін шаралар** | **Жұмыс түрі** | **Өткізілетін мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|---|
| **1.** | 9 ақпан – қазақ ақыны Мұқағали Мақатаевтың (1931-1976жж.) туған күніне орай **«Жырларым, жылдарменен жалғасыңдар»** | Кітап көрмесі Мұқағали күні | 8 ақпан | Кітапхана |
| **2.** | Ақын, ауыз әдебиетіүлгілерін жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің (1858-1931жж.) туғанына 160 жыл толуына орай **«Қазақ тарихының қайнар көзі»** | Кітап көрмесі | 10 ақпан | Кітапхана |
| **3.** | Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың (1893-1938жж.) туғанына 125 жыл толуына орай **«Мағжан жыры мәңгілік»** | Жыр кеші | 13 наурыз | Кітапхана |
| **4.** | Қазақ жазушы Сейдахмет Бердіқұловтың (1933-1994жж.) туғанына 90 жыл толуына орай **«Саңлақ редактор, сырбаз жазушы»** | Кітап көрмесі | 7 сәуір | Кітапхана |
| **5.** | Жазушы Кемел Тоқаевтың (1923-1986 жж.) туғанына 100 жыл толуына орай **«Қазақ детектив жанрының негізін қалаушы»** | Кітап көрмесі | 17 мамыр | Кітапхана |
| **6.** | 16 шілде –Қазақ ақыны, ойшыл, сазгер, аудармашы Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл(1858-1931жж.) толуына орай **«Шәкәрім мұрасы – мәңгілік шежіре»** | Танымдық сағат | 14 шілде | Кітапхана |
| **7.** | 10 тамыз –қазақтың ұлы ақыны, әрі ойшыл Абай Құнанбаевтың (1845 – 1904 жж.) туған күніне орай **«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы – таңырқа!»** | Кітап көрмесі/ Абай оқулары | 9 тамыз | Кітапхана |
| **8.** | Жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің (1943-1993жж.)туғанына 80 жыл толуына орай **«Алтайдың асқақ жыршысы»** | Шығармаларына шолу | 11 қыркүйек | Кітапхана |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **9.** | Жазушы Тахауи Ахтановтың (1923-1994жж.) туғанына 100 жыл толуына орай **«Шалқар шабыт иесі»** | Кітап көрмесі | 17 қазан | Кітапхана |
| **10.** | Жазушы, ақын Мұзафар Әлімбаевтың (1923-2017жж.) туғанына 100 жыл толуына орай **«Балалар әдебиетінің сүйікті жыршысы»** | Библиграфиялық шолу | 24 қазан | Кітапхана |
| **11.** | Қырғыз халық жазушысы Шыңғыс Айтматовтың (1928-2008жж.) туғанына 100 жыл толуына орай **«Сегіз қырлы , бір сырлы жазушы»** | Кітап көрмесі | 2 қараша | Кітапхана |
| **12.** | Ақын Қалижан Бекқожиннің (1913-1990жж.) туғанына 105толуына орай **«Ғасырдың ғаламат ақыны»** | Әдеби караоке (Мәнерлеп оқу) | 6 желтоқсан | Кітапхана |

## ***VIII.Өлкетану әдебиеттерін насихаттау.***

| **Р\с** | **Өткізілетін шаралар** | **Жұмыс түрі** | **Өткізілетін мерзімі** | **Жауапты адамдар** |
|---|---|---|---|---|
| **1.** | 15 қаңтар – Атырау облысының құрылғанына 85 жыл толуына орай **«Сүйікті қалам – Атырау»** | Виртуальды кітап көрмесі | 12 қаңтар | Кітапхана |
| **2.** | Жерлес қазақ ақыны Аманқос Ершуовтың туғанына 80 жыл толуына орай **«Жерлес талантты ақын»** | Дауыстап оқу | 19 тамыз | Кітапхана |
| **3.** | **«Менің туған өлкем»** | Эссе жазу байқауы | 5 қазан | Кітапхана |
| **4.** | Жергілікті жазушы, драматург Берік Қорқытовтың туғанына 95 жыл толуына орай **«Қыры қалың қаламгер»** | Тақырыптық картотека | 2 қараша | Кітапхан |

## ***IX.Кітап айлығы***

| **Р/с** | **Өткізілетін шаралар** | **Жұмыс түрі** | **Өткізілетін мерзімі** | **Жауапты адамдар** |
|---|---|---|---|---|
| **1.** | **«Кітап-сарқылмас рухани әлем»** | Балаларға арналған кітап көрмесі | 1 сәуір | Кітапхана |
| **2.** | **«Мерейгер кітап-2023»** | Библиофреш | 20 сәуір | Кітапхана |
| **3.** | **«Менің сүйікті ертегім»** | Ертеңгілік сағат | 21 сәуір | Кітапхана |
| **4.** | **«Кітапхана- рухани байлық ордасы»** | Танымдық сағат | 24 сәуір | Кітапхана |

Кітапхана меңгерушісі: **Ш.Сабырбаева**